

**ҚАЗАҚ МЕКТЕПТЕРІН
ДАМУ
СТРАТЕГИЯСЫ –
«МӘНГІЛІК ЕЛ» ҰЛТТЫҚ
ИДЕЯСЫ**

Тәуелсіздікке қол жеткізген сәттен бастап өз елін жарқын болашаққа бастап келе жатқан Нұрсұлтан Назарбаев сынды Ұлы көшбасшысы бар Қазақ елі – аз уақыт ішінде тарихта бұрын-соңды болмаған табыстарға қол жеткізді.

Бүгінгі Қазақстанның басты мақсаты – экономикасы дамыған, бәсекелестікке қабілетті, ең дамыған 30 елдің қатарынан көріну. «Мәңгілік Қазақстан» жобасы осы мақсатқа жеткізетін Ұлы бастама. Елбасы жолдауында еліміздің экономикасын, шағын бизнесті, әлеуметтік саланы дамыту, Қазақстан ғылымының әлеуетін арттыру, ұлттық білім берудің сапасын жақсарту, инфрокұрылымдық үш тағанның қарқынды дамуы бұдан өзге де маңызды мәселелер сөз етілді.

Мұндағы ұлттық білім беру сапасын жақсарту, яғни мәңгілік елдің дамуымен қатар, бірге дамитын мәңгілік тілі болуы да шарт. Ол – мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыру елімізде табандылықпен жалғасып келеді. Мемлекеттік тілді дамытуға жыл сайын миллиондаған қаржы бөлінеді. Ана тіліміз Мәңгілік Елімізбен бірге Мәңгілік тіл болуы тиіс.

Ол үшін, «Ұлт көшбасшысының білім беруді жаңа сапаға көтеру, оқытудың тиімді жүйесіне көшу, ғылыми зерттеулерді инновациялық процестерге қосу арқылы әлемдік деңгейге көтеру туралы тапсырмаларын басшылыққа ала отырып, мемлекетіміздегі білім жүйесі ұтымды модернизациялануда» деп атап өтті.

Осыған қарап, мемлекет басшысы болашаққа үлкен талпыныспен, ұмтылыспен қарап, халыққа деген Жолдауы әрбір адамның ертеңгі күніне үлкен сенім білдіретінін байқауға болады. Жолдаудың әрбір жолында Президенттің еліміздегі миллиондаған халықтың әл-ауқаты, жағдайына байланысты қамқорлығы сезілген. Себебі бұл жолдауда елімізді дамыту, әр отбасының, азаматтың жағдайын одан әрі жақсарту, халқымыздың бірлігін, тыныштығын қорғау жолдары нақты көрсетілген.

Нұрсұлтан Әбішұлы еліміздің келешегі өз Отанымызды әлемдегі ең табысты мемлекеттердің біріне айналдыруға бел буған жандардың қолында екенін атап өтті, бұл ретте жастарға ерекше назар аударды.

Осыған орай, «Елбасының «Мәңгілік ел» идеясы барша жастарымызды бір мақсатқа, ортақ мүддеге жұмылдыратын ұранға айналуы тиіс. Яғни, Тұңғыш Президентіміз айтқандай қазақ елінің, қазақ тілінің мәңгілік болуына аянбай еңбек етуіміз керек. Елбасы белгілеп берген «Қазақстан-2050» стратегиясы – ұлттың ұлы бағдары. Елулікті еңсердік, енді дамыған отыз мемлекеттің қатарына енуді мұрат етіп отырмыз. Осы Стратегияны мүлтіксіз орындап, емтиханнан мүдірмей өту – біз үшін ортақ парыз, абыройлы міндет.

Себебі, Ыбырай атамыз айтқандай, «Мектеп – қазақтарға білім берудің басты тұтқасы. Үміт мектепте, қазақ халқының келешегі мектеппен байланысты».


Президенттің «Қазақстан – 2050» жолдауында дәстүр бойынша мемлекеттік тіл мәселесі қозғалды: «Қазақ тілі бүгінде ғылым мен білімнің, интернеттің тіліне айналды... Ана тіліміз Мәңгілік Елімізбен бірге Мәңгілік тіл болды! Оны даудың тақырыбы емес, ұлттың ұйытқысы ете білгеніміз жөн» деген болатын [1].

Алайда қазір бұл тіл Қазақстан халқын біріктіріп отыр ма?

Кеңес Одағы тарап, еліміз егемендік алғаннан бері билік коммунистік идеяның орнын басатын ұлттық идея іздеп әуре. Ұсынылған идеялардың бірі – Қазақстан халқына қазақ тілін үйретіп, бір ұлтқа ұйыстыру. ҚР «Тіл туралы» Заңында «Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы» деп белгіленіп, миллиардтаған қаржы бөлініп, қазақ тілін оқытуға басымдық берілді. Алайда, арада жиырма жыл уақыт өтсе де, тілдік ахуал түбегейлі өзгермеді.

Сондықтан, мемлекеттік тілді дамыту мектептерде, оның ішінде орыс және қазақ, тіпті өзге ұлт мектептерінде қазақ тілін өткізу сапасынан басталады.

Қазақстанда мектептердің жалпы саны әр жыл сайын 0,7%-ға төмендеп жатыр. Сандармен сөйлейтін болсақ, еліміздегі жалпы мектептердің 98,5% мемлекеттік болып табылады (1-сурет) [2].




1-сурет – Күндізгі жалпы білім беретін мектептер саны

Жалпы орта білім беру саласында 2 536,6 мың баланы қамтитын 7646 күндізгі мемлекеттік білім беретін мектептер жұмыс істейді. Соның ішінде бастауыш мектептердің үлес салмағы 12,8%, негізгі – 15%, орта – 68,9%-ды құраған. Бастауыш мектептердің жалпы санының 95,7%-ы ауылды елді мекендерде орналасқан, негізгі және орта мектептер бойынша бұл көрсеткіш тиісінше 93,7% және 70,5%-ды құрайды (2-сурет) [2].


Мысалы, төмендегі 2-суретте көрсетілгендей, егер 2012/2013 оқу жылында қалалы мекендерде 1741, ал ауылды ауылды жерлерде 5788

мемлекеттік жалпы білім беретін мектептер болса, 2013/2014 оқу жылында қалалы мекендердегі мектеп саны 6-ға артып, 1747 мемлекеттік жалпы білім беретін мектеп санын құрайды, ал ауылды аймақтарда, керісінше, 77 мектепке кеміп, 5711 мемлекеттік жалпы білім беретін мектептер санын құраған болатын [2].

Күндізгі жалпы білім беретін мектептердегі оқушылар саны 2,5 млн-нан асып отыр. Бұл мектептерде балаларды оқыту 9 тілде жүргізіліп, олардың қатарында негізінен, мемлекеттік тілімізден бөлек орыс, өзбек, ұйғыр, тәжік, түрік, шешен, неміс және ағылшын тілдерінде болған.



2-сурет – Мемлекеттік жалпы білім беретін мектептер саны (аймақтар бойынша)




3-сурет – Жалпы білім беретін мектептердегі оқушылар саны, мың адам

Жұмыс істеп тұрған күндізгі жалпы білім беретін мектептерден (орта және жоғары оқу орындарының жанындағы және арнайы түзету мектептерін қоспағанда) 3828 мектеп таза қазақ, 1573 – таза орыс, 58 – өзбек, 14 – ұйғыр, 2 мектеп – тәжік, 7 мектеп – ағылшын тілдерінде оқытады. Бұдан басқа, 2164 мектепте оқыту екі немесе одан көп тілдерде жүргізіледі. Былайша айтқанда, аралас мектеп деген сөз. Сонымен қатар 3 тілде немесе одан да көп тілде оқытатын 90 (көптілді мектептер қатарында негізінен қазақ-түрік лицейлері), 11 «Назарбаев зияткерлік мектептері» мен дарынды балаларға арналған 33 арнайы мектептер білім беруін жалғастыруда [2].

Қазақ тілінде оқитын оқушылардың үлес салмағы 70%-дан асып жығылады. Әрине, ауыл-аймақтағы мектептердің барлығы дерлік қазақ мектептері екенін ескерсек, жоғарыда келтірілген статистикада қазақтілділердің сол ауыл-аймақтағы мектептердің есебінен артып отырғанын білуге болады.

Егер шындықтың бетін ашар болсақ, расымен де, бүгінде қазақ мектептерінің жай-күйі орыс мектептерімен салыстырғанда сәл төмендеу. Оның көптеген объективті себептерін келтіруге болады. Мысалы, Кеңес заманында орыс мектептеріне бар жағдай жасалды, материалдық базасы жақсы болды, білікті мамандар көбірек тартылды. Бірақ, Кеңес Одағында ашылған қазақ мектептері де артта қалып қалған жоқ. Олар да көш ілгері келеді. Олай болса, қазіргі жаңадан ашылып жатқан мектептердің деңгейі неге төмен деген сұраққа, олардың қалыптасуы, білікті кадрлармен жасақталуы ұзаққа созылып бара жатқанында деп жауап беруге болады.

Сондықтан ұлттық мүддені ескере отырып, қазақ мектептері туралы арнайы бағдарлама қабылдау керек. Сол бағдарлама бойынша жұмыс істеп, қазақ мектептерін қысқа мерзім ішінде биік деңгейлерге көтеру керек. Себебі, мәселе санда емес, біздің мектептерге сапа керек.



4-сурет – Оқыту тілдері бойынша жалпы білім беретін мектептердегі оқушылар саны, мың адам

Негізінде, «Қазақ мектебінің білімі төмен» деген ұғым Кеңес дәуірінде әдейі қалыптастырылған. Қазіргі қазақ зиялыларының барлығы қазақ мектептерінен өте жоғары білім алып шықты емес пе?! Ал бүгінгі деректерге жүгінсек, биыл «Алтын белгі» алған түлектердің 69,7 пайызы қазақ мектептерін тамамдаған. Халықаралық олимпиадаларда жүлделі орын алғандардың 73 пайызы – қазақ мектебінің оқушылары. Биылғы тестілеу нәтижесі бойынша орташа балл – 86,68 балл. Қазақ тілінде білім алғандардың орташа балы 87,02 болса, орыс тілінде білім алғандардың орташа балы 85,99 [3]. Міне, қазақ балалары алда келеді. Бұл көрсеткіш жыл сайын өсіп отыр.

Қазіргі кезде қазақ мектептерін дамыту үшін қандай шаралар жасалып жатыр? Тәуелсіздіктің жиырма жылында қазақ мектептерінің саны қаншалықты өзгерді екен? Біріншіден, жалпы мектептердің саны қысқарды. Мысалы, егер 1990-1991 жылы елімізде 8146 мектеп болса, өткен оқу жылында 7516 мектеп қалған. Бұл жалпы бала санының азаюы, шалғай ауылдардағы мектептердің біріктірілуімен байланыстырылады.

Осы мәселеге қатысты қазіргі кездегі қуантарлық жаңалық – қазақ балаларының көпшілігі өзінің ана тілінде білім алуға күрт бет бұруда. Мысалы, Кеңес заманында қазақ балаларының 60 пайызы қазақ тілінде оқыған болса, онда бүгінгі күні олардың көрсеткіші 85,3 пайызға көтерілген. Яғни, қалған 14,7 пайыз бала әлі де болса, орыс мектептерінде білім алуда деген сөз. Бұлар – көбінесе қаладағы балалар.

Қазіргі уақытта қаладағы қазақ мектептері желісінің баяу өсіп отыр. Қазақ мектептерінің саны жылдан жылға артып отыр, бірақ олардың 85,6 пайызы ауылдық жерлерде орналасқан. Мысалы, статистикаға жүгінетін

болсақ, Қостанайда 36 мектеп болса, соның жетеуі (19,4%) ғана, Павлодардағы 40 мектептің төртеуі (10%) ғана, Петропавловскіде 40 мектептің жетеуі ғана қазақ тілінде оқытады. Теміртаудағы 30 мектептің төртеуі ғана қазақ тілінде, Лисаковск, Риддер, Шахтинск қалаларында жалғыз ғана қазақтілді мектеп бар. Ал Қарағанды түбіндегі Сарань қаласында бірде-бір қазақ мектебі жоқ [2]. Мұндай көрсеткіштердің себебі неде сонда? Қалайша кейбір қалаларда орыс мектептерінің саны қазақ мектептеріне қарағанда көп, кейбір жерлерде тіпті жоқ болып келеді?

Мысалы, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарын алатын болсақ, мұндағы қазақ мектептері желісінің кеңеймеуі – қазақ тілін дамыту мәселесіне байланысты жұмыстардың жасалынбай отырғанының көрінісі.

Тағы бір айта кететін мәселе, қазақ мектептері қалаларда әлі жеткіліксіз болғанына қарамастан, қазақ сыныптары көптеп ашылуда. Сонымен қатар, аралас мектептер бірте-бірте қазақ мектептеріне айналдырылуда. Сондай-ақ, жыл сайын қазақ мектебінде оқығысы келетін басқа ұлт өкілдерінің балалары көбеюде. Мысалы, өзге ұлт өкілдерінің 30 403 баласы қазақ мектептерінде оқиды екен [4, 12 б].

Олай болса, неліктен осы уақытқа дейін көп қазақтың балалары, бұл әсіресе қала балаларына қатысты, қазақ мектептеріне бармайды? Мұның себебі неде? Бірінші үлкен кедергі – қазақ тілін білмейтін ата-аналардың дүниетанымына байланысты. Себебі, орыс тілінде тәрбиеленіп, сол тілде білім алғандардың дүниетанымында үлкен өзгешелік болады. Оларға қазақ мектептерінде білім төмен сияқты көрінеді. Екіншіден, бұл қазақ тілінің өз мәртебесіне толық ие бола

алмауымен байланысты. Сондықтан, ата-аналардың көңілінде күдік пайда болды.

Себебі, қай мектепте сапа болса, ата-ана соны таңдайды. Қазақ мектебінде сапа болып, оның көрсеткіштері жоғары шығып, соның түлектері оқуға түсіп, грант алып жатса, неге соған бұрылмасқа?! Сондықтан, ең алдымен, қазақ мектебінің білім сапасы мықты болуы тиіс. Екіншіден, бізде қазақ, орыс, кәріс, ұйғыр және тағы басқа мектептер бар. Біз кешегі күннің мәселесін қуалап жүрген жоқпыз ба? Егер ертеңгі күннің биігінен қарайтын болсақ, бір мемлекетпіз, бір елміз, сол қазақ елінің азаматтары бар. Қазақ тілі – этностарына қарамастан, бүкіл қазақ халқы азаматтарының ортақ тілі. Бұған заң жағынан бәрі жасалды, идеологиялық тұжырымдама бар. Ел бірлігі доктринасында жазылған. Енді осы тұрғыдан келсек, бір мектептің типі болуы тиіс. Ол қазақ елінің мектебі болуы керек. Мысалы, Ғарифолла Есім бірнеше рет көтерген «балабақшадан бастап төрт сынып тек қана мемлекеттік тілде оқытылуы қажет» деген идеяны қолдау керек [5, 20 б]. Бір елде бір мектептің болғаны жөн. Оған дейін қазақ мектебінің сапасын күшейте бергеніміз абзал.

Әрине, тек ата-аналардан көре беруге болмайды. Себебі, кейбір ата-аналар үйінің жанында қазақ мектебі болмаса, баласын орыс мектебіне беруге даяр тұрады. Ал бұл – үлкен ұлттық мәселе. Ата-аналар балаларын қазақ мектебінің жеткіліксіздігін, бар болған күнде талапқа сай болмауынан орыс мектебіне береді екен. Бұған дәлел, мысалы ата-аналар арасында жүргізілген қоғамдық сауалнама бойынша қазақтың ата-аналары қазақ мектептеріне қатысты бірнеше жағымсыз аргументтер келтірді. Олардың ішінде:

1. Білім сапасының төмен болуы. Ата-аналардың айтуынша, бұл басты себеп. «Қазақ мектептерінде нашар оқытады, қазақ тіліндегі оқулықтар қатеге толы. Білім беру бағдарламасы соншалықты қиын, мұғалімдер балаларға материалды сапалы жеткізе алмайды. Ал біз ата-аналар ол оқулықты тіпті түсінбейміз, сондықтан балаларымызға көмектесе алмаймыз» деген ата-аналар көп кездесті.

2. Үнемі жинаулар. Қазақ мектептерінде мерекелерді қарқынды тойлайды, соған ата-аналар үнемі ақша жинаулары тиіс. Мысалы, Наурыз мерекесінде көп мектептер ата-аналардан киіз үй тігуді және жергілікті басқарушы органдар үшін дастархан жайып ұйымдастыруды талап етеді.

3. Оқушылар және ата-аналарға деген дөрекі қатынас. Кейбір қазақ мектептерінде мұғалімдер балалармен дөрекі сөйлеседі екен.

4. Қазақ тіл білімінде қажеттіліктің жоқтығы. «Қазақстанның барлық дерлік жерінде орыс тілінде түсінеді де және сөйлейді де. Тек мемлекеттік орган басқа, барлық жерлерге жұмысқа тұру үшін қазақ тілін талап етпейді. Сондықтан баланы қазақша мектептерге беру талабы болған жоқ» деп жауап берген ата-аналарда болды.

Бұл жерде, екінші және үшінші пункт бойынша, бұл тек қазақ мектептеріндегі білім беру жүйесіне қатысты емес, ал жеке жағдайларға қатысты болып келеді. Себебі, мұндай жағдайлар тек қазақ мектептерінде ғана емес, сондай-ақ кез-келген мектептерде болуы мүмкін.

Ал бірінші пункт бойынша, расымен де қазіргі қазақ мектептеріндегі білім беру бағдарламасы күрделі әрі оқулықтар сапасы төсен. Қазіргі кезде бірінші сынып оқушыларына кезінде екінші-үшінші сынып материалдарын береді. Әрине, мұндай жаңа материал санымен, балалардың меңгеру деңгейі төмендейді, онымен қоса қателіктер жіберілген оқулықтар қолданылса, онда нәтиже қынжыларлықтай болатындай.

Көптеген ата-аналар балаларын орыс мектебіне қалағандықтан емес, мәжбүрліктен беріп жатыр. Мәселен, бір ауданда қазақ тілді ата-ана «балам спортшы болғысы келеді, ал қазақ мектебінде спорт залы жоқ, сондықтан баламды орыс мектебіне бердім» деді. Биыл Лондон Олимпиадасында жалғыз қазақ баласы Серік Сәпиев қана алтын алғанына қарап, неліктен қазақтардың дүбірлі спорттық додаларда алтын ала алмайтынын түсінуге болады. Тіпті спортқа баулу үшін, 6-сыныптан бастап қазақ мектебінде оқитын баласын орыс мектебіне берген жағдайларды да кездестіруге болады. Аталмыш өңірлердегі қазақ мектептерінің жай-күйі мүлдем талапқа сай емес.

Сөзіміз дәлелді болуы үшін бір ғана облыстағы жағдайды мысалға алайық. Басқа облыстарға қарағанда жағдайы біршама жақсы деп есептелетін Қарағанды облысында 260 қазақ мектебінің 48-інде мектеп пешпен жылытылады, 95 мектепте су даладан тасымалданады, 170 мектептің дәретханалары далада орналасқан, 53 мектепте толық жабдықталған медицина кабинеті жоқ, 98 мектептің спорт залы жоқ, 82 мектепте спорт алаңы жоқ, 94 мектепте асхана жоқ екен [6]. Еліміздегі қазақ балаларының тең жартысы осындай мектептерде тәрбиеленіп жатқанда оларға жоғары деңгейде талапты қалай қоюға болады?

XXI ғасырда тәуелсіз ел атанғанымызға 20 жылдан астам уақыт өткен уақытта қарақөз қазақ балалары неліктен мұндай жағдайда білім

алу керек?! Тіпті жер-жерде жергілікті қазақ ата-аналарының талабынан соң кез келген ғимаратты қазақ мектебіне айналдыра салған мұндай оқиғалар жүздеп саналады екен.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында «2025 жылға қарай қазақстандықтардың 95 пайызы қазақ тілін білуге тиіс» деп алға нақты міндет қойды емес пе? Сонда бар-жоғы он шақты жылдың ішінде бұл межеге қалай қол жеткізуге болады?

Яғни, қазақ тілін оқытуға басымдық беру қажет. Себебі, қазірдің өзінде орыс мектептеріндегі қазақ тілі пәнінің оқытылу сапасы өте нашар екені жұртшылыққа кеңінен белгілі. Тіпті, он бір жыл мектепте қазақ тілін оқып, екі ауыз қазақша білмейтін жастарды кездестіруге болады.

Орыс мектептерінде қазақ тілі пәні ойдағыдай нәтиже бермейтінінің бір себебі, ата-аналар мен басшы орындардағы шенеуніктер тілге салғырт қарауынан екені анық. Бір өкініштісі, еліміздің білім беру жүйесі оққылықтардан көз ашпай-ақ келеді. Тәуелсіздік алған жылдардан бері санайтын болсақ, қаншама Білім бағдарламалары қабылданып, Заңдарға өзгертулер мен толықтырулар енгізілді. Талай министрлер ауысты. Бірақ іс сол орнында тұралап тұр. Жыл сайын «Оқулық дұрыс емес, бағдарлама оқулыққа сай емес» деген тәрізді мәселелер туындап отырады. Бұл біздегі ұйымдастырушылық-басқарушылықтың әлсіз екенін білдірмей ме? Мәселен, биыл да «Қазақ тілі» пәнінің оқулығы мен бағдарламасы сәйкес келмейтін болып шыққан.

Сондықтан, орыс тілді мектептерде қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде деңгейлеп, кешенді оқыту бүгінгі уақыт сұранысынан туындап отыр. Осыған қатысты, педагогика ғылымының докторы Оразбаева Ф.Ш. қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін бекітетін екі факторды атап берген [7, 25 б]:

Бірінші фактор – қазақ тілін үйренуге қажеттілік тудыратын тиімді жолдарды анықтай отырып, оған ықпал ететін мотивтерді толық және жан-жақты іске асырумен байланысты. Тілді меңгерудегі мотивация соңғы нәтижеге бағытталғанда ғана алға қойылған мақсатқа жетуге болады, яғни оқушы тіл үйренген соң қандай жетістіктерге қолы жететіндігін білгені абзал. Оқушы тілді үйренерде өзінің болашақ өміріне: әлеуметтік мәртебесіне, бәсекеге қабілетті болуына, мәнсабының өсуіне және кәсіби деңгейде білікті маман иесі болатындығына сенім артуы шарт.

Екінші фактор – мектептерде қазақ тілін үйрету әдістемесіне қажет технологиялар мен

қазіргі уақыт сұранысына орай жаңа бағыттарды дұрыс жолға қоюмен байланысты.

Расымен де, мұндай факторлар білім жүйесінде «Қазақ тілі» пәнінің әлеуетін арттырып, тілді меңгерту әдістемесін жаңартып, жаңғыртып отыруды талап етеді. Яғни, осы саладағы жетістіктер мен жетіспеушіліктерді қайта қарастырып, бүгінгі күнге сай мәселені дұрыс тандап, іске қосуды қалайды.

Тағы бір назар аударатын мәселе – ендігі жерде саны ұлғайған қазақ мектептерінің беделі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру мәселесі. Расымен де, қарап отырсақ, қазақ мектептерінің әртүрлі жарыстарда алып жүрген орындарына, басқа да көрсеткіштеріне қарағанда, өзге мектептерден кем емес сияқты. Ал байыбына барып қарайтын болсақ, бұл көрсеткіштер негізінен жекелеген қабілетті балалардың үлесіне тиіп жүргенін көруге болады. Былайша айтқанда, қазақтың дарынды балалары да аз емес.

Осыған қатысты, тағы айта кететін жайт, қазақ мектептерінің жалпы деңгейін көтеру. Жасыратыны жоқ, баласын қазақ мектебіне намысқа тырысып беріп жататын жағдайлар да аз емес. Осының өзі-ақ көп нәрсені аңғартады. Егер қазақ мектептерінің беделі мен атақ-абыройы біздегі түрік лицейлеріндей асқақтап тұрса, қазақ қана емес басқа ұлт та баласын қазақ мектебіне беруге ынталы болар еді. Сондықтан, қазақ мектептерінің қажетіне баса көңіл бөлініп отырған дәл қазіргідей кезеңде олардың деңгейін мейлінше көтеру – осы салада қызмет етіп жүрген барша азаматтарымыздың қастерлі міндеті әрі ұлт алдындағы парызы.

Мемлекеттік тілді лайықты деңгейде оқытып-үйретуді тек қазақ мектептерінде ғана емес, сонымен қатар, басқа мектептерден де талап ету керек. Өзге ұлт мектептерінде оқитын балалар мектеп бітіргенде қазақ тілін игеріп шығатын жағдайға қол жеткізу керек. Жоғарғы оқу орындарында да қазақ тілін оқытудағы мақсат осындай болуға тиіс.

Қазіргі таңда мемлекеттің тіл үшін жасап жатқан қамқорлығы аз емес. Қыруар қаржы да бөлінген. Қазақ тіліне бөлінген әрбір сағат, әрбір уақыт нәтиже беруге тиісті. Әйтпесе, созбалылыққа сала берсек, мемлекеттік тілімізді Елбасы межелеген деңгейге жеткізе алмаспыз анық.

Осыдан, жергілікті билік өкілдеріне қазақ мектептерін ашуды жоспарлауда, мектеп салуда көп жылды қамтитын, перспективалық көзқарас жетіспейтінін байқауға болады. Сондықтан, күн өткен сайын қазақ мектебіне деген сұраныс өршіп бара жатқан тұста біздің мәселені тезірек

шешуге ұмтылуымыз керек. Мұндай жағдайда мектеп салудан гөрі, орыс мектептеріне оптимизацияның жасалуы жағдайды жеделдетер еді. Бұл – біріншіден. Екіншіден, салынатын мектеп 600 орындық болуы. Қазір онсыз да қазақ мектебіндегі балалар саны – 630. Қазақ мектебіне сыймай аралас мектепте білім алып жатқан балалар саны жеткілікті. Жаңа қазақ мектебін салып бітемін дегенше қазақ мектебін қажет ететін балалар саны тағы да арта түсері анық. Сонда жаңадан салынған 600 орындық мектеп те толып қалады. Сондықтан жаңадан салынатын мектепті бірден 1200 орындыққа салынғаны жөн болар еді.

Қазір қанша бала сыймай жатса, сонша орындық мектеп салуды ғана жоспарлайды. Осыған орай, жаңа мектеп салынып біткенге дейінгі сұраныстың ескерілгені дұрыс.

Қазір біз тез арада қазақ тілді мектептер мәселесін шешуді қолға алуымыз керек. Өйткені қазір осы қиын жағдай ең бірінші Петропавл мен Қостанай, екінші Павлодар мен Өскемен, үшінші Қарағанды мен Ақмола облыстарында өте қиын ахуал қалыптастырып отыр. Ең бастысы, алыс ауылдардағы аудан орталықтарына, шағын қалаларға көшіп келіп жатқан қазақ отбасыларын есептей отырып, қазақ мектептерімен қамтамасыз етудің нақты мемлекеттік жоспары жасалуы керек. Ондай болмаған жағдайда, орыс мектептерінде оқитын қара көздер көбейе түседі. Ал бұл – күрделі мәселе.

Ал сол өңірлердегі жалғыз қазақ мектептерінің жағдайы қандай? Ол мектептерге қатысты алаңдатқан мәселе – олардың орналасуы. Біз мониторинг жүргізген елді мекендерде қазақ мектептерінің көпшілігі елді мекеннің шетінде орналасқанына көз жеткіздік. Қаланың бір шетінен екінші шетіне қатынаудың қиыншылығынан көптеген ата-ана балаларын орыс мектептеріне беруге мәжбүр болады. Кеңес Одағы кезінде сол кездегі отарлау саясатына сай қазақ мектептеріне қаланың шетінен орын бұйырған және сол ахуал әлі де өзгермеген.

Тағы бір айта кетер жайт, қазақ мектептері мен орыс мектептерінің жабдықталуында үлкен айырмашылық бар екен. Жергілікті ұстаздармен, халықпен әңгімелесу нәтижесінде де орыс мектептерінің материалдық-техникалық базамен жабдықталуы қазақ мектептеріне қарағанда жоғары деңгейде екен.

Сонымен қатар, тағы бір айта кететін жайт, қазақ тілді мектептердің санын аралас мектептер есебінен көтеру мәселесі. Себебі, қазіргі аралас мектептердің аралас мектеп деген аты ғана, қазір

аралас мектептегі қазақ балаларының көбі орыс тілінде сөйлейді.

Расымен де, егер аралас мектептерді дер кезінде қазақ мектебіне айналдырып отырмасақ, оларды бітіріп шыққан азаматтардың барлығының орыс тілді азаматтар болып шығары сөзсіз. Егер біз жуық арада аралас мектептерді қазақ мектебіне айналдыру мәселесін шеше алмайтын болсақ, онда оның басшысының қазақ болуын қаперге алуымыз керек. Өйткені аралас мектеп – мемлекеттік мекеме. Сондықтан мемлекеттік мекемені басқаратын адамның тек қана қазақ тілін толық білетін адам болуын талап етуге әбден болады. Екіншіден, аралас мектептегі іс-шаралардың барлығы алдымен қазақ тілінде өтуі керек. Содан кейін ғана орыс тілінде өтуі тиіс.

Мысалы, аралас мектептердегі сынып бөлмелері мен залдағы көрнекі құралдардың, тіпті сабақ кестесіне дейін орыс тілінде жазылады. Сондай-ақ аралас мектептердегі үйірмелердің барлығы орыс тілінде жүреді. Қазақ сыныбында оқитын балалардың барлығы еріксіз орыс тіліндегі үйірмелерге қатысады. Демек, бірінші басымдық қазақ тіліне берілмей, аралас мектептердегі балалардың барлығы орыс тілді болып шыға береді.

Осы аралас мектептерге қатысты шет мемлекеттер оларды жаппай жоюды мақсат еткен. Мысалы, көрші мемлекетіміз Өзбекстан тәуелсіздік алған алғашқы күннен-ақ, «өзбектендіру» идеологиясына кірісіп, көпұлттылығына қарамай, өздерінің өзбек тіліне баса мән берді. Сонымен қатар аралас және орыс, қазақ мектептерін жаппай жауып тастауды қолға алып, тек өзбек мектептері білім беруін бүгінде жалғастыруда. Өзбекстанда ағылшын тілінде т.б. шетелдік дамыған тілдерде беретін саусақпен санарлық мектептер бар. Дегенмен, 80%-дан астамы өзбек тіліндегі мектептер екеніне көз жеткізуге болады.

Орыс және аралас мектептерді жаппай жою саясатын қолданып жатқан елдердің қатарында Украина, Грузия елдері де бар.

Расында, Қазақстан аралас мектептерді таза қазақ тіліне көшіруге келгенде тартыншақтап, бәзбіреулердің ығына жығылып, ықпалында жүргенде, Грузия мемлекеті сөзден іске көшіп, ұлттық идеологиясын жүргізуде. Мәселен, Грузияның білім және ағарту министрлігі мектеп директорларына орыс сыныптарына оқушы қабылдауды қысқарту туралы ауызша бұйрық беріп, істі шешуге тырысып бағуда. Айта кетерлігі сол, Грузия билігі бұл істі ың-шыңсыз ғана қолға алған. Егер жергілікті орыс ұлтының

өкілдері қандай да бір уәж айтатын болса, олар «Бұл көпшіліктің тілегі. Кез келген ата-ана баласының мемлекеттік тілде білім алғанын қалайды», – дегенді айтып, заң жүзінде ақталып, өзін алып шыға алады.

Кеңес Одағы кезінде балаларын орыс мектептеріне беру идеологиясы Грузияны да аттап кетпеген. Сол уақыттарда орыс мектептері мен аралас мектептер бұл елде де қаулап өсті. Ал, қазір мұнда орыс мектептеріне деген сұраныс күрт төмендеп, билік орыс мектептері мен аралас мектептерді жаппай жауып, таза грузин тілінде оқытуда. Жергілікті халық елде мемлекеттік тіл – грузин тілі екенін, оны білмесең жұмысқа орналасу мүмкін еместігін санасына мейлінше сіңірген.

Аралас мектептер мен өзге тілді мектептерді алып Ресейдің өзі де қолдамайды. Мәселен, көршімізде үш миллион қазақтың екі миллионы ассимиляцияға ұшырап (орыстанып), қазақ болудан қалды.

Ал біздің елде болса, аралас және орыс мектептерін жаппай жабу былай тұрсын, мемлекеттік тілде оқымыз дегендерге жағдай жасай алмай отырмыз. Орыс мектептерінде орын еселеп бос тұр, ал қазақ мектептері үш ауысыммен оқып, көптеген оқушылар жай таппауда.

Еліміздің бас қалалары мен облыс орталықтарын есептемегеннің өзінде, аймақтардағы қазақ мектептерінің жағдайы сын көтермейді. Олардың санын арттыру былай тұрсын, кейбірі өзіміздің мектеп бағдарламасын оқымайтын көрінеді.

Сонымен қатар, қазақ мектептерін көбейту мәселесін шешу аймақтарда да үлкен маңызға ие

болып келеді. Мәселен, әлі күнге дейін «Теміртау» қаласы орыстілді тұрғындары басым аудан орталығы ретінде есепте тұрғанымен, қазақтілді қоныстанушылар көбейіп, соңғы жылдары қазақ мектептеріне деген сұраныс барынша артып отыр. Қазір онда 31 жалпы білім беретін мектеп болып, оның 12-сі аралас, 16-сы таза орыс тілінде, ал қалған 3-еуі ғана қазақ тілінде білім береді екен [8].

Қазір Теміртау қаласының қазақ мектептерінің әр сыныбында 30 баладан отыр. Қазақ мектептерінің бала қабылдау мүмкіндігі мүлдем жоқ. Керісінше, орыс мектептерінің көбінде бала саны аз. Мәселен, 16 орыс мектебінің жартысы 50 пайыз ғана оқушымен қамтылса, қалғаны 70-80 пайыз ғана. Сондықтан жаңа мектеп салудың орнына орыс мектептері мен аралас мектептерді бір-бірлеп қазақ мектептеріне айналдыру қажет.

Шынында, Әкімшілік өкілдері мәселенің мән-жайын зерттеп, қазақ мектебінде оқуға ниетті балалардың тым белең алғандығын байқаған. Расында, Қазақ мектебін көбейту қажеттілігі туындағалы бірнеше жыл бұрын пайда болған. Мәселен, бүгінде еліміз бойынша қазақ балаларының 37%-ы орыс мектептерінде оқуы бізді алаңдатады. Сондықтан, осы мәселеге қатысты «37%-дың қаншасы өз еріктерімен орыс мектебіне барды?», «Оларға қазақ мектептері мен сыныптарында орын жетісе ме?» т.б. мәселелер төңірегінде кең зерттеулер жүргізілуі тиіс.

Қазақ мектептеріндегі оқушылар қалыпты деңгейден тым артық. Оқушы санының көптігіне байланысты оқушыларын екі ауысыммен, үш ауысыммен оқытып жатқан қазақ мектептері де жетіп артылады (1-кесте).

1-кесте – Күндізгі жалпы білім беретін мектептердің сабақ ауысымдылығы

№		2011/2012	2012/2013	2013/2014
1	Сабақ жүргізілетін мектептер саны: - бір ауысымда; - екі және үш ауысымдарда; - төрт ауысымда.	2447 4987 -	2372 4978 -	2348 4930 -
2	Оқитын оқушылар саны, мың адам: - бір ауысымда; - екі және үш ауысымдарда; - төрт ауысымда.	1551,4 921,6 -	1539,4 942,4 -	1561,5 969,0 -
3	Оқушылардың жалпы санынан, пайызбен: - бір ауысымда; - екі және үш ауысымдарда; - төрт ауысымда.	62,7 37,3 -	62,0 38,0 -	61,7 38,3 -

Дерек көзі – Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика Министрлігі Статистика Комитеті // www.stat.gov.kz

Сондай-ақ, жыл өткен сайын балаларын қазақ мектептеріне бергісі келетін ата-аналар санының еселеп өсе түсуі, қазақ мектептеріне деген сұранысты өсіре түсуде.

Сонымен, Елбасымыз ұсынған «Мәңгілік ел» ұлттық идеясын дамыту – қазақ мектептерінің сапасын жоғарлатудан, сондай-ақ, мемлекеттік тіл қазақ тілін жалпы барлық тілдегі мектептерде оқытуды жетілдіруден, қазақ мектептерінің санын көбейтуден, яғни тек ауылды аймақтар ғана емес, сонымен қатар қала мекендерінде көбейтуден басталуы тиіс.

Сонымен, қазіргі кезде, тәуелсіздік алған 20 жыл ішінде Қазақстандағы жалпы мектептердің жартысына жуығы ғана мемлекеттік тілде білім береді. Оның үстіне, қазақ мектептерінің 85,6 пайызы ауылдық жерлерде орналасқан. Тіпті әлі күнге дейін бірде-бір қазақ мектебі ашылмаған қалалар да кездеседі.

Ал қазақ мектептеріндегі білім сапасы төмен бе, жоғары ма деген мәселе бойынша біржақты пікір айту қиын. Себебі, бір жерде білім төмен болса, екінші жерде жоғары болуы мүмкін. Сондықтан он-он бес жылғы «қазақ мектебінің білімі төмен» деген стереотиппен қалуға болмайды.

Бұл өткеннен қалған стереотип қана. Қазақ мектептері өздерінің мықты екенін соңғы он жылда дәлелдеді. Жалпы, Астана қаласында Ұлттық бірыңғай тестен сүрінбей өтетіндер, Ал-

тын белгі алатындар, грант иегерлерінің саны орыс мектептерінен гөрі, қазақ мектептерінде әлдеқайда жоғары. Екіншіден, қазақ мектептерінде тәрбие беру ісі алда. Жалпы, мектептерде 14 сала бойынша мониторинг жасалады. Мұндай мониторингтерде қазақ мектептері оқ бойы озық келеді.

Кеңес Одағы кезінде толы болған мұндай мектептерде бала санының азаюына түрлі себептер бар. Мәселен, көшіп кеткен басқа ұлт өкілдері қаншама?! Бірақ қазақ мектебін ашу мәселесі шықса, кей жерлерде «ата-аналар қарсылық танытты» деп мәселені кері тартуға тырысатындар жоқ емес. Шын мәнінде, бұл атқарушы биліктің дәрменсіздігімен байланысты. Мәселені көріп, біліп отырып, оны шешу жолдарын таба алмау – дәрменсіздіктің белгісі. Бұл ел бойынша қолға алынатын жұмыс.

Сондықтан, күні кешегі Жолдауда Елбасы: «Енді он жылда мектепке баратын бала қазақ тілін толық білсін!» дей отырып, «Мәңгілік ел» ұлттық идеясын іске асыру үшін әуелі өз тілімізді дамытып, жоғары деңгейге дейін жеткізуіміз керек ол үшін әуел бастан, яғни мектептерден бастап қазақ тілін сапалы түрде меңгерту керек.

Себебі, қазақ мектебі дегеніміз – тек қазақ тілінің ғана емес, бұл өмір сүріп отырған қазақ елінің тағдырымен байланысты үлкен мәселе. Бұл жас ұрпақтың ертеңіне жол ашады.

Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасының Президентінің «Қазақстан – 2050» Жолдауы, 17.01.2014.
- 2 Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика Министрлігі Статистика Комитеті // www.stat.gov.kz
- 3 Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі // edu.gov.kz
- 4 Елімізде 19 мыңнан астам басқа ұлт өкілдері Қазақ мектептерінде оқиды // kaz.gazeta.kz
- 5 Ғарифолла Есім: Стратегия 2050 – мәңгілік жолдағы буындар бірлігі, ұрпақтар сабақтастығы // BNews.kz
- 6 Қарағанды облысы әкімдігінің ресми ақпараттық порталы // <http://karaganda-region.gov.kz>
- 7 Оразбаева Ф.Ш. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 2005.
- 8 Теміртау қаласы әкімдігінің ресми ақпараттық порталы // temirtau-akimat.gov.kz

References

- 1 Kazakhstan Respublikasynyn Prezidentynyn «Kazakhstan – 2050» Zholdauy, 17.01.2014
- 2 Kazakhstan Respublikasy Ultyk Ekonomika Ministrlgyy Statistika Komitety // www.stat.gov.kz
- 3 Kazakhstan Respublikasynyn bylym zhane gylым Ministrlgyy // edu.gov.kz
- 4 Elimizde 19 mynнан astam baska ult okildery Kazakh mektepterynde okidy // kaz.gazeta.kz
- 5 Garifolla Esym: Strategya 2050 – mangylyk zholdagy buyndar birlygy, urpaktar sabaktastygy // BNews.kz
- 6 Karagandy oblysy akimdiginyн resmi akparattyk portaly // <http://karaganda-region.gov.kz>
- 7 Orazbaeva F.SH. Kazirgi Kazakh tyly. – Almaty, 2005.
- 8 Temyrtau kalasy akimdiginyн resmi akparattyk portaly // temirtau-akimat.gov.kz